



# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

GRI 2-1

Директорлар кеңесі 2023 жылғы 25 желтоқсанда Қоғамның 2023–2032 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті (№ 197 хаттама).

## МИССИЯ

Қазақстан Республикасы халқына сапалы тұрғын үй беріп, өмір сүру жағдайын жақсарту, инвестициялық қызмет арқылы құрылыс саласын дамыту, құрылыс тиімділігін арттыру және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының жобаларын басқару

## ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Құрылыс индустриясындағы жобаларды, құрылыс жұмыстары мен жылжымайтын мүлікті тиімді басқаруда құзыреті мен тәжірибесі, көптеген сенімді серіктестері мен жеткілікті ресурстары бар ұйым

# 02

## ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру ..... 19

Инвестициялық қызмет ..... 20


Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау ..... 24

«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компаниялардың еншілес ұйымдарын, үлестері мен акцияларын, инвестициялық кезеңдегі, яғни жобаланып не енді тұрғызылып жатқан жылжымайтын мүлкін басқару ..... 25

## ҚҰНДЫЛЫҚТАР



## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР



### Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру

- «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру
- Болашағы бар ұлттық жобалар
- Шетелде мемлекеттік құрылыс жобаларын іске асыру

### Инвестициялық қызмет

- Жөндеу бағдарламасын іске асыру (ескірген және апатты тұрғын үй)
- Тұрғын үй кешендерін салу (қалалардың келбетін өзгерту)
- Тұрғын үй кешендерінің құрылысына инвестиция құю
- Құрылыс материалдары мен жабдықтарын отандық өніммен алмастыруға бағытталған зауыттардың құрылысына инвестиция құю
- Шетел құрылыс саласына инвестиция құю

### «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына кіретін компаниялардың инвестициялық кезеңде тұрған жылжымайтын мүлкін, еншілес ұйымдарын және үлестері мен акцияларын басқару

- Жылжымайтын мүлкті басқару
- «Самұрық-Қазына Девелопмент» ЖШС
- «Түркістан БГҚ» ЖШС

### Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау

- Дағдарысқа қарсы бағдарлама
- Жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы

## КЛИЕНТТЕР



Ескі тұрғын үй иелерін жаңа пәтерлермен қамтамасыз ету, қалалардағы әлеуметтік шиеленісті шешу, құрылыс секторын дамыту үшін инвестициялық ахуалды жақсарту

Кешенді шағын аудандарды тұрғызу арқылы жайлы өмір сүру ортасын құру

Қазақстан Республикасының құрылыс индустриясын дамыту және халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту

Құрылыс материалдары импорттың қысқарту жолымен тұрғын үй және коммерциялық құрылыстың қолжетімділігін арттыру

## ҚАРЖЫ

REIT және қор ұйымдастыру жолымен, халықаралық қаржы институттары тарапынан жобаларды қаржыландыру және облигация

шығару есебінен капитал тарту арқылы құзыретті дамыту. Бұл стратегия қаржы тарту құзыретін қажеттілікке қарай біртіндеп дамытуды көздейді.

## ІШКІ ПРОЦЕСТЕР

### Бизнес-процестерді автоматтандыру және цифрландыру



Операциялық тиімділікті арттыру



Құрылысты басқару және инвестициялау кеңсесін құру



Жалға алушылармен сындарлы диалогқа бағытталған жедел кері байланысты ұйымдастыру



Тікелей байланысты болдырмау, ақпараттық және сыбайлас жемқорлық қаупінің алдын алу мақсатында бизнес-процестерді автоматтандыру

## ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

### ESG қағидаларын орындау



Еңбекті, өндірістік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау



Адам ресурстарын дамыту стратегиясы



Қоршаған ортаға барынша аз зиян келтіретін «жасыл құрылыс» талаптарын ескере отырып жоба таңдау, оларды іріктеуді жетілдіру



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНҚ

